



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРИШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біркітіретін «Перштелең ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудагы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімаланаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспепті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біркітірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Тенізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

#### *Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Прягин;  
аудармашылар – Б. Қарашин, Қ. Байменов;*

*Кұрастыруышы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуши және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнерстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карапшина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Байменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всем мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типовридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

#### *Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Қарашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Прягин (Москва)  
Переводчики - Б. Қарашин и Қ. Байменов;*

*составитель – Б. Қарашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*



Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім мен-герушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор менгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

#### Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысынды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амazonкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

#### Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысынды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

#### **Атақтары:**

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

#### **Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».



## ҚЫТАЙДАН ЖЕТКЕН СӘЛЕМДЕМЕ

Намаздыгер мен ақшамның ортасында күн күркіреп көктемнің кіндігін кескен.

Қыс қамытынан мойны жіңішкегіп шыққан ауыл сіркіреп өткен ақ жауынға жауырын тосып «И-и, жарықтық-ай!..» десіп, келер күнге үмітін жалғап, мәре-сәре боп қалды.

Өрістен шала құрсақ бол қайтқан малдың өзі қызыңғарасынан жатқан қораға өңмендемей жайылып, жалпақ басып, тіпті асығар емес.

Бұл кезде Базаркул қара сиырын күрпілдетіп сауып, Өміrbай қолына таяқ алды, жас бұзауды жасқап түрган.

— Эй, шал, не естігенің бар? Әлгі туыс қуалап шекара асып кеткен Тақай оралыпты.

Коржын басы ток. Қызылды-жасылды дүниені

## ПИСЬМО ИЗ КИТАЯ

Между временем вечернего намаза и уже наступающими сумерками раздались грозовые раскаты, разрезавшие пуп весны.

Аул, освободивший свою шею, отощавшую от хомута зимы, подставил спину под проходящий белый моросящий дождь, вложив общее мнение в слова «и-и, благодать-то, какая!» и, связывая свои надежды с будущими днями, наполнился свежестью и довольствием.

Даже домашние животные, возвращающиеся с выпаса, не насытившись и, продолжая пасть, неторопливо ступая, совсем не спешат втиснуться в загоны, пропахшие помётом скота.

В это время Базаргуль доила свою чёрную корову, напористыми струями вспенивая молоко в ведре, а Умирбай, держа палку в руке, отпугивал привязанного телёнка, норовящего прорваться к вымени.

— Эй, старик, что слышно в округе? Говорят, вернулся Такай, отправившийся проводить родственников за границей.

Привёт, молвят, полный корджуун гостинцев и вся-

тәндеп келіпті, – десін әйелі жарты қарыс емшекті жұлмалап жатып.

Шарпып тұрған қайраты бар келіншек жалақтаған аш бұзауға қарасын ба, сүтті шелекке сар-сар ағызады.

– Әлгінде көрші қатыннан есіттім. Пақырга шырбітейін депті.

Өмірбай оқыс оянып кеткендей көзі алақтап жүрелей тізе бүккен әйеліне, талтайып тұра қалған қара сиырға, талмай ұмтылған ала бұзауға қарағыштай берді.

– И-и, қақсаншы мынаны! Шаяқ келгір, бұзауына өліп-өшіп сүтін іркіп тұрғанын қарашы. Соңғы илдірімі аздай. Ал іш атаукеренді!

Бәкене бойлы, қырбық мұрты бар қонқақ танау қара кісі аяқ-қолынан жан кетіп, іңір қараңғысына ілініп қалғандай еді.

Базарқұл есіне әлдене тұскендей орнынан жүлкү на көтерілді.

– Қытайдан қашып, биттері торғайдай бол келіп еді. Шеттерінен күтірайын депті.

Көз байлар кешкі алажеуім шақ пен әйелінің шаншы сөзі қатар жармасып, Өмірбайдың жанарын жасқап бір мұнар көлбендең тұрып алды.

Сыртқы қақпаны сартылдатып үйіне екпіндей кірген Базарқұлді де, желінді дембіл-дембіл тұмсығымен түйгіштеп, езуінен ак көбік ағызып жатқан ала бұзауды да елең қылмады. «Тақай оралыпты» деген бір ауыз сөз ғана құлағының түбінде ызың қағады.

Әр тарапқа алып қашқан жүгенсіз ой дастарқан басына келіп шыныаяқ шетін тістегенде де байыз таптырмады.

– Құдай, Қытайдың арзанқол жылтырағына жұрт мелдектеп тойып болған.

Әдемі аксары жүзіне әжім үйір бола бастаған келіншек жанындағы жез самаурынмен қоса шоқсыз қайнайды.

кой всячины, - обращается к нему жена, подёргивая худосочное вымя.

У искромётной и энергичной женщины разве есть дело к жаждущему молока телёнку, - продолжает звучно выдавливать и выдаивать молоко.

- Слышала от соседки. Этот жалкий заморыш поправился.

Умирбай, словно проснулся внезапно, стал недоумённо озираться по сторонам: на жену, сидящую на корточках, на расставившую ноги чёрную корову, на телёнка, без устали рвущегося к вымени.

- И-и, оттолкни же его. Смотри-ка, треклятая, от жалости к своему телёнку зажала молоко. Словно, последнего отсоса его было недостаточно. Ну, давай, пей, проклятый, свои остатки!

Невысокого роста, с вздёрнутыми ноздрями и торчащими усами смуглый человек выглядел измождённым и словно прилипшим к наступившим сумеркам.

Базаргуль, будто на ум ей что-то взбрело, резко вскочила со своего места.

- Прибыли когда-то, сбежав из Китая, со вшами величиной с воробьёв. А теперь каждый начинает наглеть.

Застилавшие глаза вечерние сумерки и колкие слова жены, вцепившись в него вместе, вызвали какое-то, оцепенело колыхающееся видение и робость на его лице.

Не обратил внимания ни на Базаргуль, хлопнувшей с грохотом калитку и, запыхавшись, скрывавшуюся в доме, ни на телёнка, тыкающего мордочкой вымя, пуская пену со рта. Только лишь связка слов «Такай вернулся» жужжала в недрах его ушей.

Необузданная мысль, разбегающаяся в разных направлениях, не давала покоя и за дастарханом, даже при скрежете зубов о края пиалы.

- Господи, люди уже по горло сыты дешёвыми вещами из Китая, - моложавая, миловидная и светлоликая женщина, лицо которой стали уже бороздить морщинки, вскипела и без угольев, присоединившись к своему медному самовару,



– Өңің неге қашып отыр?

– Жай, әншейін.

– Жай болса, мана телефон көтеріп Астанадағы қыз берген күйеу келеміз деді. Ерлан «ата-әжемді сағындым» депті. Зекетің кетейін сол! Таңертең ана қысыр саулықты өріске жібермей ұстап қал. Жас сорпа ішсін.

Базарқұлдің аузын жия бергені сол, есік сықыр етіп ашылып, Тақай да бермен аттады.

Қолындағы қомақты түйіншегін табалдырық жаңына дұрс еткізіп таstadtы да, мақамдап созып аман-саулық алышты.

– Ойбай, мынаны қара! Екі беті қып-қызыл бол тіпті жасарып кетіпті. Майлап жібергеннен сау ма?

– Кәне, жеңеше, шайыңды ысыт! Майлап та, қанжығама байлап та жіберді, несін сұрайсыз?

Өмірбай абдырап көрші інісін төрге оздырып, өзі пеш түбіне қарай екі-үш құйрық жылжып отырды.

– Иті сары май жемейді десенші. – Базарқұл өз-өзін қиямпұрыстанып аққұманын қолға алды.

– Ел-жұрт аман ба екен? – деді бұл әлден уақытта.

– Ой, аға, кәрі-жасы бірдей дұғай-дұғай сәлем айтып жатыр. Баяғы тобанаяқ бол жүретін заман жоқ. Несін айтасыз, дәуірлеп тұр екен.

Өмірбайдың көз алдына манағы мұнар қайтадан кептеліп, көлбендеп тұрып алды. Эйелі мен қайнысының қарпып әзілдескені де, тарпып дауласқаны да еміс-еміс құлағын жанап өтеді.

Оңаша қалған кезде әйелінің:

– Мә, киіп көрші. «Дұшпаннан түк тартсаң да пайда» деген. Қытайда қалған қатының беріп жі-

стоящему рядом.

- Что ж ты, побледнел-то?

- Да, так, просто...

- Если просто, то только что звонили дочь и зять из Астаны, говорят, приедем. Ерлан, мол, твердит, что соскучился по деду с бабушкой. Мой золотой ангелочек. Утром эту яловую овцу на выпас не выпускай, пусть попьёт свежий бульон.

Только было начал затихать говорливый рот Базаргуль, как открылась скрипучая дверь, а внутрь вошёл Такай.

Грохнув сброшенным у порога увесистым баулом, манерно поздоровался своим тягучим голосом.

- Боже, посмотри на него. Щёки румяные, сам же помолодел. Слuchaем, не намалевали тебя там?

- Давай, тётушка, разогрей вновь свой чай. И намалевали, и баулы насовали, что там спрашивать-то.

Умирбай в замешательстве пропустил соседа и младшего родственника на почётное место, а сам же, в том же сидячем положении пододвинулся к краю печи.

- Скажи ещё, что их собаки не пытаются даже сливочным маслом, - зубоскаля, Базаргуль взяла в руку заварной чайничек.

- Живы ли, здоровы ли родичи наши? - Спросил он, немного погодя.

- Ой, брат мой старший, и стар, и млад, все шлют пламенные приветы. Там уже не те времена бояков. Что там говорить, живут в ногу со временем.

В глазах Умирбая, втиснувшись и колеблясь, стояло то же самое видение. Шуточные перебранки его соседа и жены, их горячие споры пролетали мимо его ушей.

Когда остались одни, до него дошли слова жены:

- На, примерь. Говорят же, польза есть даже от недруга, коль достался от него хотя бы подшерсток.

беріпті, – дегенін анғарды.

Өзі қолына жалт-жұлт еткен бір көгілдір матаны ұстап алыпты.

– Әдемісін! – деп тамсанады. – Сәбидің алақа-  
ныңдаи мына бір магнитофонды да қоса салыпты.  
Е, пақыр, қайтсін!?

Мақпалдай жұмсақ иленіп, сыптығыр пішілген  
қара тон құйып қойғандай екен.

Етегі дөңгеленіп тобық қағады. Бойына жылу жү-  
гіріп сала берді.

– Саған жараспайды. Кәрі кісіге киім қонасын ба-  
еді? Астана ақшұнақ аяз деседі. Күйеу балаңа ки-  
гізе сал!

Аузының салымын қарашы. Әлгі қызды айтамын.  
Ііні тозып жүр еді. Көйлек тіктіріп кисін. Магни-  
тофонды көргенде Ерлан қалай қуанады десенші!

– Қой, шалым, жата қалайық. Таңертең малды  
өріске ертерек қосайық, – деп Базарқұл аяқ асты  
көңілденіп, алғашқы қосылған кездегідей найқа-  
лып жүріп көрпе төседі.

Найқалып жүріп шыттай ақ сейсепті жайды. Най-  
қалып жүріп тон мен жалт-жұлт еткен көгілдір  
матаны бүктеп шкафқа салды.

Тұн ортасы әлдекашан ауып кетсе де  
Әміrbайдың кірпігі желімденер емес.

Жанындағы ақсары жүзіне әжім үйір бола  
бастаған келіншек іргеге қарай аунап түсіп, бірқа-  
лыпты тыныстайды.

Жамылғыны таңға дейін шапалап теуіп, жағаға  
шығып қалған сары бауыр сазандай өз-өзімен ар-  
пальсады да жатады.

– Осы женгемнің екі үздік қасиеті бар. Үйқысы  
тастан қатты, сосын сөзі зәрден абы, – деп ма-

Прислала твоя жена, оставшаяся в Китае.

Сама же держала в руках шелковую голубоватую  
материю, отдающую блеском.

- Какая красивая, - изумляется она. - Вот, ещё при-  
слала и этот крохотный магнитофон, величиной с  
ладонь малыша. Э, несчастная, что ещё ей оста-  
ётся.

Чёрная дублёнка, выделанная словно бархат, и от-  
лично сшитая, сидела на нём, как вылитая по его  
фигуре.

Полы её, округляясь, достигают лодыжек. По телу  
сразу побежало тепло.

- Тебе не идёт. Разве постаревшему человеку мо-  
жет быть к лицу одежда? Говорят, в Астане тре-  
скучие морозы. Подари своему зятю.

Какая, всё же, везучая. Я говорю про дочь. Навер-  
ное, ходит в обносках. Пусть себе сошьёт платье.  
А когда Ерлан увидит магнитофон, как же он об-  
радуется!

- Ладно, старик мой, давай спать. Утром порань-  
ше встанем, отправим скот на выпас, - Базаргуль,  
с неожиданно приподнятым настроением, кру-  
жась и пританцовывая, как в первые дни их вос-  
соединения, стала стелить постель.

С приподнятым настроением постелила белые  
свежие простыни. Так же, играючи, втиснула в  
шкаф дублёнку и свёрнутую материю.

Хотя время перевалило далеко за полночь, но веки  
Умирабая никак не желали приклеиваться к глаз-  
ным впадинам.

Лежавшая рядом с ним моложавая, миловидная  
и светлоликая женщина, лицо которой стали уже  
бороздить морщинки, переворачиваясь с боку на-  
бок, подбирала для себя удобное положение.

Как всегда, до самого утра, как выброшенный на  
берег жёлтобрюхий сазан, будет биться сама с со-  
бой и с покрывалом, срывая его с себя.

- У нашей тётушки есть два выдающихся свой-  
ства. Сон у неё крепче камня, а речь горше яда,

нағы Тақаудың қалжындаитыны ғой.

Кірпігі қайдан желімденсін, ұлды денесі төсекте жатқанмен, бар ойы Қытай бетті кезіп кетсе?

Көңілі түскір көк дөненге бір мінбесін де. Бір төбенің тозаңын шүйкедей созып бір төбеге қосып...

Ақ қашып, қызыл андағайлап қуған аласапыранда әке-шешесі үркіншілікке ұшырап шекара асыпты.

Құлжа маңына табан тіреп, қонторғай құй қешті.

Өзі жалғыз ұл бол бұлғақтап өсті. Айналада қара қытайдың қарасы жоқ-тын.

Кейін ғой өңшең бойдақ қыз-жігітті ішкі өлкеден әкеліп төгіп, бір күнде қантатып жібергені.

Жерсінбеді ме, алғашқы кездे кешкүрим жаққан оттың жанына жиналып, келген жағына қарап дауыс созып жылайтын-ды.

Өңкей қазақ атасы бөлек әлгілердің жалынға тышқан қақтап жегенін қызықтап, келеке қылышуы еді-ау.

Жетім баладай жаутаңдап жүргендердің замана құбылып, атыс-шабыс кіргенде қолына қару ұстап, бір демде әскерге айналып шыға келерін кім білген?

Әкесі айттырған қызды алған. Төсек қызыны басылмай жатып төрт аймақты дүрліктіріп бүлікті бастаған Оспан көкесі ғой.

Тар бұғауға басы сыймай, алдымен байырғы үкіметпен ұстасып, кейін гоминданға қарсы шапқан.

– Ата күлдігім, елім дейтін ер түгелдей атқа қонсын! Ез болса қытайдың қызыл өкшесінде жаншылып жатсын! – деп ұран тастаған.

- постоянно шутит тот самый Такай.

Как же он мог уснуть, если его мысли бродили на китайской стороне, хотя тело покоилось на этой постели.

Проклятые мысли, стоит им только взобраться на коня... Поднимая пыль на одном пригорке, скачут уже к другому...

Родители перебрались за границу в те лихие годы, когда белые бежали, а красные гнались за ними.

Когда его отец и мать, попав в это лихолетье в разряд притесняемых, покинули родину. Переселившись в Кульджу, окунулись в лишения и нужду.

Сам же, будучи единственным сыном, рос баловнем. Коренных китайцев, можно сказать, почти не было.

Это уже потом, переселив из внутреннего Китая неженатых мужчин и незамужних девушек, заполонили ими пустующие земли.

Не могли прижиться что ли, но на первых порах, собравшись вечером у очага, вглядываясь в ту сторону, откуда прибыли, плакали сообща.

Местные казахи, собравшись, чтобы поглазеть на то, как китайцы жарили на костре мышей и ели, поднимали их на смех.

Кто знал, что эти жалкие люди, как только переменятся времена и нагрянут война и смута, изменившись вмиг, возьмутся за оружие, составив воинственные отряды?

Взял в жёны девушку, сосватанную отцом. Не успела остыть ложе молодожёнов, как Оспан заставил загрохотать все четыре стороны света.

Не вмешаясь в тесные кандалы, он сначала поднял восстание против исконной власти, а затем уже против гоминдановского режима.

- Все, кто считает себя потомками предков-героев, пусть сядут на коней. Кто же не может сбросить с себя иго, пусть останется затоптанным красными пятками китайцев, - бросил он свой клич.

Шешесінің мұнан тірідей айырылғысы жоқ. Қырық сылтаудың басын құрағанымен діні қатты әкесіне қайдан шыдас берсін?!

– Бар, қатарға қосыл! – деген ақселеу шал шақырайып. – Жаңың – аманат, демің – нәсіп. Ердің соңы – Оспан. Елдің ойы – бостан. Осы екеуінен асқан әулие емеспіз. Бар!

– Жар басында ойнаған жалғызды жауға аттанды-  
рғаның қай сасқаның?! Өзі үрейқүк, қорқақтау.

Бұргедей боп жүріп шеріктердің найзасының ұшына ілініп кетсін дейсің бе?

Қытай құғанда қашам деп аттан құлап мертігіп  
өлсін дейсің бе?

Жерігін баса алмай келін отыр. Оспан қайнаға асарын асан, жасарын жасаған. Ешкінің дауын боталы інген беріп сатып алып, соқтықпаса журе алмайды... – деп момындықтан бас алмайтын шешесі бәйіт айта бастаган.

– Тәйт! – деп әкесі жекіріп тыйып таstadtы.

Содан тауга бекініп, тас басқан. Қыбырлаған жауға қарсы қару кезеніп, небір ойранның ортасында жүрген.

– Атаң көрі, баяғыда шерік көлікке бұт артса, бір қазақ ердің артына мінгесіп, әлгіні тастай ғып құшақтап алатын.

Өзі отырса желіске шыдамай, бостақым неме жерге топ-топ құлайды.

Қазы жеп, қарта шайнаған арда қазаққа қайдан тең келсін?! Өңкей шөп-шөңгे, – деп мұрындап сөйлер еді қайран ер.

– Айызды қандырып, ақырып шабындар! Жаудың жаны шықсын!

Сәбетпен кермал кеп, қытайға кергіп баққан бұла Оспан да ақмылтық ажалдан қашып құтылмады. Қапысын тауып тынды.

Әлекедей жаланған гоминдан қойсын ба, басшысыз қалған бұларды да ойбайлатып қуып ұстап,

Мать ни за что не желала его отпускать. Как бы ни пыталась применить сорок уловок, но не смогла устоять перед наиском и неумолимостью отца.

– Иди, присоединяйся! – приказал светлоликий старик. Оспан - последний герой народа, цель народа - свобода. Мы не святые, чтобы быть выше этих двух ценностей. Иди!

– Единственного сына, росшего баловнем, отправляешь на войну, что за напасть напала на тебя? Сам он боязлив, изнежен.

Хочешь, чтобы он, похожий на клопа, был нанизан на копьё врага?

Хочешь, чтобы он погиб, упав с лошади, когда на него нападут китайцы?

Невестка наша на сносях, не можем утихомирить прихоти плода. Оспану уже нечего терять, кроме своей юдоли. Не может успокоиться, пока не купит за верблюдицу раздоры чужих козлов, - вдруг разошлась его мать, женщина кроткая и тихая.

– Молчать! – громко осёк её отец.

С тех пор, обосновавшись в горах, ходил по камням. Взяв в руки оружие, целил и направлял его против врага, был в гуще грозовых событий.

– Ещё в давние времена их солдаты, садясь на резвых коней, не могли удержаться, пока какие-нибудь казахи, запрыгнув к ним в седла и крепко обхватив, не поддерживали их.

Не выдерживая даже рыси, эти слабые ногами валились с коней.

Куда им до нас, хищников, вобравших в себя энергию конского мяса. Они же травоядные.

– Нападайте с душераздирающими воплями. Пусть душа врага уйдёт в пятки!

Не ужившийся с Советами, восставший против Китая, гордый и свободолюбивый Оспан не смог избежать погибели от пули. Застигнутый врасплох, он нашёл свой смертный одр.

Разве могли набравшие силы гоминдановцы оставить в покое тех, кто лишился вождя, - устроив то-

Құлжаның түрмесіне қойдай тоғытты.

Жалынға тышқан қақтап жегендердің тфу десе түкірігі жерге түсер емес. Жыбырлаған жәндік құрлы көрмеді ғой сонда. Татар дәмі таусылмапты.

Тозақтың отынан мешел бол төрт аяқтап еңбектеп шықты.

Араға жыл салып кенже ұлы дүние есігін ашқан...

Осылай әркім өз құлағынан өзі үркіп әрі-сәрі күй кешіп жүргенде Сәбеттің мейірі түсіп, шекара ашылды, «Тұған топырағын аңсағандарға рұқсат» деген алақызыба хабар дүңк ете түссін.

Ерсілі-қарсылы шабыс басталды. Ауыздан-ауызга жүққан әңгіме сәт сайын құбылады:

- Сүйінші! Шекара бір жыл ашық түрады дейді.
- Жо-жоқ, бар-жоғы бір ай көрінеді.
- Сәбет жағы әйел-еркегін бөлек-бөлек жауаптап қабылдайды еken.
- Қытай ышқырларындағы битке дейін санап алып қаламыз депті.

Әйтеуір ел дүрлігулі.

Бұл әбжіл қимылдан, Әсемай мен қос ұлын Алтайды жайлаған қайын жүртynna аттандырды.

Олар да жүгін теңдеп, өкше көтеріп отыр деп есіткен.

Өзі Бозтебенің етегінде қалған әке-шеше зиратына тәу етіп, бірден шекара қақпасына тартпақ.

Қайын жүртynna мен Әсемай келгенше ұлы көштен кезек алып, елге өтудің жөн-жоралғысын білмекші.

Болашақта қай өнірге қоныстанатының сол арада айтылады еken, ағайын-туыс тізімге тұтас ілінбел-

тальные гонения, со стенаниями, как стада овец, загнали их в тюрьмы Кульджи.

Даже те, кто ел мышей, поджаривая их на кострах, стали относиться к ним не более, как к мухам. Не могли насытиться триумфом.

Выбрался из этого огненного ада на четвереньках, да и то инвалидом.

Через год дверь в жизнь открыл и его младший сын...

Таким образом, тогда, когда каждый из них пугался собственных ушей, Советы, проявив благосклонность, открыли границу, хлынули горячие новости о том, что даётся разрешение возврата тем, кто страстно желает вернуться на родину.

Началась суматоха. Из уст в уста передавались самые невероятные сообщения.

- Радость-то, какая, говорят, граница открыта на целый год.
- Не-нет, говорили, всего лишь на месяц.
- Поговаривают, что Советы примут только тогда, когда допросят и мужчин, и женщин поодиночке.
- Китайцы обещали, что сосчитают даже вшей на нашем нижнем белье.

Словом, народ гудел.

Он спешно отправил Асемай и двух своих сыновей к родственникам жены, населявших предгорья Алтая.

Он слышал, что те тоже, собрав свои пожитки, сидят, как на иголках, ожидая своей перекочёвки.

Сам же, попрощавшись с прахом родителей, вознамерился двинуть прямиком к вратам границы.

По его расчётом он, пока прибудет его семья и родственники жены, должен был занять очередь на пограничном пункте, узнать все условия перехода границы.

Оказывается, надо было там же сообщить, в каких местах люди собираются обосноваться. Если



се тұрымтай тұсына шашыратып жібереді-мыс деген қаңқу құлақты тесіп барады.

Өмірбай кербестінің құлақ түбін терлетіп жеткенде үш күн қатарынан ашық түрған қақпа жабылып, қос алқа салынғалы жатқан сәт еді.

Бірінің етегін бірі басып жанталасқан елді бұзып-жарып ілгері ұмтылды.

— Қайын жұртың кеше өткен, көрдік.

— Наймандардың жігі жазылмай кетті.

— Албандарға кезек бүгін тиді, — деген әлдекімдер алақ-жұлақ етіп.

Мұны естігенде көніліне токтық кірді. Ер-тоқымын алып, кербестінің құлте жалын сипап қоштасты. Аңсары болған ата күлдікке қазтабан басты...

Өмірбай аш бөрідей талаған ойға шыдамай орнынан тұрып кеткен. Темекісін тұтатты.

Жанындағы аксары жүзіне әжім үйір бола бастаған келіншек тәтті үйқының құшағында бірқалыпты тыныстайды.

Өзегін өртеген аңы тұтінді талғажау етіп дем басты. Сол мен-зең қалпы күлсалғышты алам дегендеге қолына сәбидің алақанында манағы магнитофон іліне кеткені.

Жата қап қайтадан көрпесін бүркенген. Әлден уақытта ақ тиіннің көзіндегі түймелеріне қол жүгіртіп еді, о, құдірет, баяғы сағым жылдардың арасында адасып қалған Әсемайы сөйлеп ала жөнелсін.

Даусы алғаш келін боп түскенде сыйызғыдай сызылып тұратын.

Шымылдықтан имене шығып, келісті қараторы өніне қолаң шашы жарасып ата-енесіне шай құятын.

Жүзін төмен салып, бет шұқыры ойылып жы-

блізкие и родственники не попадали в списки целиком, то отправляли туда, где Макар телят не пас. Такая молва буквально дырявила уши.

Когда Умирбай прибыл, взмылив раковины ушей своего коня, тогда уже ворота границы, открытые целых три дня, уже захлопывались, а обе стороны собирались возводить свои пункты пограничья.

Он рванулся вперёд, расталкивая толпу, в которой люди давили друг другу подолы и штанины.

- Вчера родственники твоей жены перешли на ту сторону.

- Найманы прошли, расслоившись.

- Сегодня дошла очередь до албанов, - судачили в толпе.

Когда услышал эти сообщения, настроение его поднялось. Взяв с собой сбрую, попрощался с конём, погладив клок его гривы. С трепетом ступил на обетованную землю своих предков...

Умирбай, не выдержав мыслей, грызущих его, как голодные волки, поднялся. Прикурил сигарету.

Лежащая рядом с ним моложавая, миловидная и светлоликая женщина, лицо которой стали уже бороздить морщинки, приняв удобную ей позу, спала в объятьях сладкого сна.

Выдул из себя горький дым, обжигавший гортанный. Когда в этом удрученном состоянии пытался найти пепельницу, за руку зацепился магнитофон, величиной с ладонь младенца.

Прилёг и снова накрылся одеялом. Через некоторое время на ощупь нажал кнопку магнитофона величиной с глаз белки, и, о чудо, тут же заговорила Асемай, которая потерялась в те сумбурные годы.

Ноты её голоса звучали протяжно, как свирель, точно так же, как в то время, когда она вошла в их дом молодой женой.

Выскользнув из-под полога, стесняясь, наливалась чай свекру и свекрови. Её приятному смуглому лицу были под стать густые чёрные волосы.

Когда она улыбалась, почтительно опустив свой

миғанының өзі айналасын нұрға бөлөр еді.

Сол дауыс қатаң тартып, қарлығайын депті.

«Алдыңызға иіліп сәлем еттім, Өмеке! Бұл өзініздің Құдай қосқан қосағының Әсемай ғой, – дегенде тұла бойы мың ине сүкқандай шымырлап қоя берсін.

Ауа жетпей, атқаңтап жүргегі аузына тығылды.  
Зыр айналған магнитофон тоқтар емес.

«Бізді ұмытқан жоқсыз ба? Тым құрыса сөзім жетсін деп балаларға айтып, «сәлем хат» жолдан отырмын. Қайтейін, пешенедегі жазу солай шығар.

Біз Алтайдан сабылып жеткенде қакпаны қайта ашпастай ғып жауыпты.

Сіз кейінге мойын бұрмай, көппен бірге өтіп кетіпсіз. Сезіп ем, келгенше сол қабағым қоймай тартып еді...»

Өз-өзінен жоғалып боз мұнардың ішіне сіңіп бара жатыр еken дейді.

Көз алдында ғайыптан бір нәзік сәуле оянып, сол шекара басындағы дүбір құлағында қайтадан тірілді.

Кеше қалың көшпен бірге өтті деген қайын жүртү мен келіншегін, мойны қылқиған қос қарғасын таба алмай, табанынан таусылған шақта:

– Өмірбай жаны ұясында болса тез жетсін, – депті қытай беттегі шекара бастығы.

Суыт хабарды естіген көрші-көлем, ағайынның жақ жүні үрпісіп кетті.

– Біліп ем арамыздан осылай бір ши шығарын.

взор и пригнув голову, то даже ямочка на её щеке озаряла всё вокруг своей неповторимой притягательностью и красотой.

Этот голос, слегка огрубев, стал хрипловатым.

«Я приветствую Вас в глубоком поклоне, Умике.\* Когда она произнесла: «Это я Асемай, соединённая с Вами супружескими путами самим Аллахом», - тело его покрылось мурашками, словно его пронзили тысячи иголок.

Сердце, судорожно скавшись от нехватки воздуха, и готовое вылететь из груди, нашло своё пристанище во рту. Магнитофонная кассета, крутясь неумолимо, останавливаться и не желала.

«Вы не забыли нас? Детям сказала, что хотя бы на словах пошли весточку через это устное письмо. Что мне делать, видать, судьбой было уготовано так.

Когда мы, запарившись, добрались из Алтая, тогда уже захлопнули пропускной пункт, да так, чтобы больше его не открывать никогда.

Вы, не оглядываясь назад, перешли границу вместе со многими. Чувствовала это, ибо левый мой глаз подёргивался безостановочно».

В глазах его выплыло то же видение. Потеряв самого себя, растворяясь в сероватом мираже, шёл куда-то.

В памяти возник какой-то слабый отблеск, а в ушах ожили те же звуки и слова у пограничного пункта.

Когда, сбившись с ног, искал родственников жены, жену и двоих своих тонкошеих воробушек, якобы перешедших вчера вместе с толпами людей, тогда и услышал:

- Пусть Умирбай, если душа его в гнезде, появится здесь, - приказал начальник пограничного поста.

Услышавшие эту суровую весть дальние родственники и соседи стали наперебой выражать мнения и советы.

- Знал, что среди нас возникнут такие неурядицы.

- Нені айтып отырсың? Отбасын түгендер бергелі жатқан шығар.
- Эсемай мен тышқандай екі балаға бола қақпаны көрі ашады деп пе ең?
- Аттап баспа! «Оспан батырдың қасында жүріп үкіметке қару кезенген жан Сәбетке өтпесін!» деген жарлық шығыпты.
- «Андаусызда өткені болса алдап шақырып алып, Құлжаның түрмесіне көзін жылтыратып қамаңдар, бәлем!» депті.
- Оны айтасың, «Қол-аяғына бірдей кісен салып, тілін көмекейден шорт кесіп алындар!» депті.
- Мойның алма! Бала – белде, қатын – жолда.
- Тұған жерге тұяқ іліктірдік пе дегенде алдымыздан ылғи мас шықты.
- Ақша мен жүнжүн тап деп тепсінген тұзак үзген алаяқ қаптап жүр... Ойы-бай, қайда келгенбіз?! – десіп қатын-қалаш бажылдасты.

Сөйтіп, аз ақылынан ажырап түрғанда сымдай тартылған бір орыс офицері мұны алдына салып айдай жөнелген...

«...Кешікпей Сәбеттің бір сұлуына бұғалықты салыпты деп есіттік. Қойны құтты болса жарады.

Біз пақыр сол өткен дәуренниң естелігін еміп қартаидық қой.

Сіз төсек жаңартқан кез шығар, таң алды түс көрдім.

Тұсімде, Алла-ау, аппақ бол шырайланып кетіпсіз. Қасыңызға қалыңдығынызды алып, бізден аулақтау кетіп, «Қаражорға» биін билеп жатыр екенсіз. Өксіп оянды...

Бірін айтып біріне кетем-ау, бір тон беріп жібердім. Қайбір денсаулық қалды дейсіз, үстінізге киіп жүргейсіз, Өмеке...»

Жаның шабақтаған лебізді тоқтатқысы кеп еді, саусағы селкіл қағып, магнитофонның ақ тиіннің

- Что ты имеешь в виду? Наверное, хотят упорядочить состав семей.
- Думаешь, ради Асемай и двух мышат вновь откроют пропускной пункт?
- Не болтай ерунды! Вышел указ о том, чтобы тех, кто был рядом с батыром Оспаном, не пропускать на советскую сторону.
- Говорят, тех, кто перешёл невзначай, теперь хотят вызвать обманом и запереть в тюрьмы Кульджи.
- Более того, руки и ноги их хотят снова заковать в цепи и кандалы, а языки - отрезать под корень.
- Не признавайся. Жена - в пути, дети - ниже груди.
- Когда решили, что зацепились копытами за родную землю, навстречу вышли пьяные вдрызг.
- Кругом кишают советские проныры и пройдохи, требуют, чтобы мы отдали деньги и жун-жун.\* Боже мой, куда мы попали? - шептали и визжали женщины и старухи.

Когда стоял, потеряв свой и так небогатый ум, подошёл подтянутый, как проволока, русский офицер и повёл его впереди себя...

«Недолго погодя, слышала, что накинул аркан на одну из красавиц Советов. Хорошо, если за пазухой у неё тепло и уютно.

Мы же несчастные, обсасывая воспоминания тех лет, уже состарились.

Наверное, тогда, когда Вы обновили своё ложе, видела один предрассветный сон.

Во сне, Аллах мой, Вы, превратились во что-то белое-белое. Взял за руку свою новую супругу и отойдя от нас далеко-далеко, плясали танец «Чёрный рысак». Проснулась, плача.

Ох, разболталась совсем. Передала дублёнку. Вряд ли сохранилось прежнее здоровье, носите на здоровье, Умеке».

Хотел прервать раздирающий его душу монолог, дрожащий палец не мог найти кнопку величиной

көзіндегі түймесін тауып баса алмай қойды.

Естіген ғой. Ет бауырын езіп жүріп ақыры бір қызымен байдан шыққан осы Базарқұлдің қолына кірген.

Өзінен бір мүшел кіші. Қайтып етегі қанамай қойды. Келіншегі ауылдың дүкенін ұстап, өзі пошта тасып ел ортасына жантайды ғой...

«...Көкейдегі күйік-шер айтпасыма қояр емес, Өмеке. Келе «Күйеүімнің сонынан бізді де босатыңыз» деп арызданым. Неке суын іштік, қаттаулы күә қағаз қайдан болсын?

Шекара бастығы иманды жігіт екен, «Егер күйеүіңіз «иә, қыздай қосылған қосағым, растаймын» десе...»

Үсті-басы безгек тигендей қалшылдаپ темекісін қайта тұтатты.

Көк тұтін бүрк етіп, көз алдын бір мұнар түмшалап тұрып алды.

Иә, сымдай тартылған орыс офицері алдына салып айдалап әкелген. Жауаптасу қысқа болды.

– Эйеліңіздің бары рас па? – деді домаланған қытай.

– Жоқ. Қайдағы әйел? Оспан батырды да ғұмыры көрген емеспін, – деді бұл.

– Балаларыңыз ше?

– Ешкімді білмеймін. Үкіметке қарсы соғысқа-ным жоқ, – деді тағы да құты қашып.

– Жалғыз бастысыз ба?

– Иә...

«...Өмеке-аяу, «Иә, сонымда Әсемай мен қос ұлым қалды, жібере көріңіз» десеніз, бізді шекарадан әне-міне өткізгелі тұрған. Көрші бөлмеде отырып барлық жауаптасуды есіттік.

с глаз белки, чтобы нажать на неё.

Слышала, значит. Раздавленный и заблудший, на конец-таки, нашёл приют в доме Базаргуль, у которой была дочь от первого брака.

Младше его на двенадцать лет. Подол её так и не окровавился... Она работала продавщицей в ауле, а он сам, устроившись почтальоном, вжился в эту среду.

«Тоска и обида в груди не даёт покоя, требует высказаться, Умеке. Сразу же написала заявление и просьбу о воссоединении с супругом. Нас же соединили религиозным браком, откуда было взяться свидетельству о браке.

Начальник пограничного пункта оказался добрым человеком, да, сказал, если муж подтвердит, что брак ваш действителен...»

Всё его тело задрожало, словно в лихорадке, снова прикурил сигарету.

Дым, заклубившись, приобрёл форму какого-то видения, упорно стоявшего перед глазами.

Да, подтянутый, как проволока, русский офицер повёл его впереди себя. Допрос был коротким.

- Вы женаты? - спросил круглый, как колобок, китаец.

- Нет. Какая ещё жена? Никогда не встречал и батыра Оспана, - отвечал он.

- А дети у Вас есть?

- Никого нет, и никого не знаю. Против властей не воевал, - отвечал он удрученно.

- Выходит, вы одиночка?

- Да...

«Умеке, да, что Вам стоило тогда ответить, что осталась Асемай с двумя сыновьями. Если бы ответили так, то нас вот-вот собирались пропустить. Мы сидели в соседней комнате и слышали весь ход допроса.

Бізден танып шығып, құрбандыққа қызып кеткеніңіз қалай?! Жүргегіңіз жұмсақ еді ғой...»

Өмірбай еңкілдеп жылап төсекке құлады. Құлап жатып көрпені бүркенді. Ыстық жас тарам-тарам боп екі бетін күйдірді.

Сәбидің алақанында магнитофондағы дауыс бірер жеткірінген, көз алдына Әсемай көлбендең келе қалсын.

Келгенде де, ілкі босаға аттағандағыдан келісті қараторы өңіне қолаң шашы жарасып, бетінің сұт шұқыры ойылып кесе-көлденең тұра қалды.

Қатаң тартқан қарлығынды даусы жұмсарып сыйбызығынан сыйылады.

«...Содан бізді шекараға тиіп тұрған ауылға қоныстандырыды. Қыста мал бақтық, жазда шөп шаптық.

Аязға үсіп, аптапқа пісіп жүріп қос ұлыңызды қатарға қостым, Өмеке.

Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқыттырған жоқпын.

Ертеректе Көлсайдан бел орақпен шөп шауып жүргенімде екі тентек қыр басына шығып, арғы бетке телміретін де тұратын.

Сәбет жақтан қыбырлаған қара көрсе, «Әкем келе жатқан шығар!» деп ұшып кете жаздайтын.

Мен де соларға сеніп, Өмекең болса, бәлкім, есіне түсерміз деп ән бастайтынмын.

Қыз-жігіт боп ай астында ақсүйек ойнап, алтыбақан теуіп жүргенде «Балапан қазды» әуелетіп шырқаушы ек қой. Есіңізде ме?

Бұл өлке – біздің ауыл жайлаған жер,  
Желіге асай құлын байлаған жер-ай!  
Көзіме от-жалаңында көрінесің,  
Құрбымен алтыбақан ойнаған жер-ай!

Е-ей, ахай, сабаз,

Как же так, отказавшись, принесли нас в жертву?!  
Вы же были мягкосердечны...»

Умирбай, заплакав навзрыд, повалился на постель. Упав, накрылся одеялом. Горячие слёзы, проливаясь ручьями, обжигали лицо.

Голос в магнитофоне величиной с детскую ладонь утих, но тут же возник в глазах образ Асемай.

Возник так, как тогда, когда она впервые переступила порог их дома, выделяясь приятным смуглым лицом и подстать ему густыми чёрными волосами. Даже ямочка на её щеке так же озаряла всё вокруг своей неповторимой притягательностью и красотой.

Её слегка огрубевший голос, смягчившись, зазвучал протяжно, как звук свирели.

«Потом нас поселили в ауле, который был рядом с границей. Зимой присматривали за скотом, летом косили сено.

Замерзая на морозе, поджариваясь на жаре, подняла Ваших двоих сыновей, воспитала достойными людьми.

Не давала их смахнуть крылатым, склевать насатым.

Раньше, когда косила сено в районе Кульсай, двое баловников, поднявшись на косогор и не отрываясь, всматривались в сторону границы.

Если видели кого-то, идущего с той стороны, чуть ли не взлетали от радости, думая, что это ихозвращающийся отец.

Я, веря им, напевала, считая, что если это Өмеке, то должен вспомнить нашу песнь.

Помните, когда мы были молодыми, играя в кости, качаясь на качелях при лунном свете, напевали песню «Гусиный птенец». Помните?

Называли мы «краем своим» эти земли, здесь земля, где мы веселились и пели, ты в виденьях моих, точно так, как тогда шестиножные нас качали качели.

Э-эй, ты лихой удалец,

Ұшырдым ұясынан балапан қаз-ай!

Қос жетімекпен қосылып шырқыраған сол даусым құлағыныңға жетпеді ме, Өмеке?..»

Үстіндегі түмшалап жатқан көрпені лақтырып та-  
стап, даусы әлем-тапырық бол бақырып жіберді:

— Тірілей көмдің ғой, Әсемай!

Балапандарым менің!.. Кеш сорлы әкенді! Кеш!  
Жанындағы әдемі ақсары жүзіне әжім үйір бола  
бастаған келіншек үйқысырап іргеге қарай аунап  
түсті.

— Шаяқ келгір!.. Атаукерендеңді ішкір! Өңмендеуін!..

Қаракөленде шегіне-шегіне үйдің төрт бұрышына  
тығылып, таң етегі түріліп қалыпты.

улетел из гнезда, как гусиный птенец.

Неужели эта песня, которую я напевала вместе с двумя сиротинушками, не долетела до Вашего слуха, Умеке?..»

Откинув, душившее его одеяло прочь, закричал голосом, разрушающим мир:

- Закопала меня живьём, Асемай!

Детки, мои детки! Простите несчастного отца ва-  
шего! Простите!

Лежавшая рядом с ним моложавая, миловидная и светлоликая женщина, лицо которой стали уже бороздить морщинки, перевернувшись на другой бок и перекатившись к стенке, бредила во сне:

- Ну, давай, пей, проклятый, свои остатки!

Ночные тени, отступая, спрятались по четырём углам комнаты, подол рассвета был подобран, утренняя заря обнажена.

*Примечания:*

\*Умеке – почтительно-ласкательное имя Умирбая

\* \* Жун-жун – казахское название китайской водки

